

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 қарашадағы № 2448 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, жер комиссиясының 2021 жылғы 6 қазандағы № 798 қорытындысы негізінде Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Строй Элит Дом" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Қостанай қаласы, Ғ. Қайырбеков көшесі, 358 а үй мекенжайы бойынша орналасқан "Жапсарлас үй-жайлары мен паркінгі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы" объектісі бойынша коммуналдық және инженерлік өткізу желілерін (сыртқы газбен жабдықтау және электрмен жабдықтау) жобалау және төсеу үшін жалпы алаңы 0,0024 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Қ. Ахметов